

## Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 20 маусымдағы N 62 Заны

**1-бап.** 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 7 - б а п т ы н 1 - т а р м ағ ы н д а :

1) және 26) тармақшалар "кеден органдарының" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасы" деген сөздермен толықтырылсын;

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44) кеден ісі мәселелері жөніндегі үекілетті орган - Қазақстан Республикасында кеден ісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;";

2) 8-баптың тақырыбындағы "және Қазақстан Республикасынан әкету" деген сөздер ", Қазақстан Республикасынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу" деген сөздермен ауыстырылсын; 1 және 2-тармақтарындағы "әкелуге және " деген сөздер "әкелуге," деген сөзben ауыстырылып, "әкетуге" деген сөзден кейін " және оларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 14-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шартты түрде жіберілген тауарлардың шетелдік тауарлар мәртебесі болады.";

4) 17-баптың тақырыбындағы "Кеден" деген сөз "Қазақстан Республикасы кеден" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 19-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу пункттерінде радиациялық бақылау жүргізу;

6) 24 - б а п т ы н 1 - т а р м ағ ы н д а :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

8) тармақшадағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын;

9) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын; екінші бөлік алып тасталсын;

7 ) 3 3 - б а п т а :

1-тармақ "әкелуді және тауарды бұл аумақтан әкетуді" деген сөздер "әкелу және тауарды бұл аумақтан әкету жөніндегі демпингке қарсы, өтемдік және қорғау шараларын қоса алғанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "егер оларды бөліп көрсету қажет болса: елдер тобы, елдерінің кеден одақтары, елдің аймағы немесе бөлігі" деген сөздер "елдер тобы және елдердің кеден одақтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 39-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "аумағынан" деген сөзден кейін ", сондай-ақ еркін қойма аумағынан Қазақстан Республикасының кедендік аумағының басқа бөлігіне" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 41-баптың 5-тармағы "Тауардың" деген сөзден кейін "жоғалуы, кем шығуы жағдайларын қоспағанда, оның" деген сөздермен толықтырылып, "тиіс." деген сөзден кейін "Бұл ретте тәуелсіз сараптама актісі (қорытындысы) мен кедендік тексеру актісі тауардың жоғалуы, кем шығуы фактісін растайтын құжаттар болып табылады." деген сөйлеммен толықтырылсын;

10) 42-баптың 4-тармағындағы "қабылданған" деген сөз "тіркелген" деген сөзben ауыстырылсын;

11) 46-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кеден органының тауарларды жіктеу жөнінде шешім қабылдау тәртібі мен шешім нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.";

12) 53-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына құбыр тасымалын пайдалану және электр беру желілері бойынша өткізу кезіндегі алдын ала операцияларды жүзеге асырудың тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындауды.";

13) 54-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өту" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтуге осы Кодекстің 55-бабына сәйкес айқындалатын өткізу пункттерінде, олардың жұмыс істеу уақытында жол беріледі және " деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 64-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Кодекстің 63-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар қажет.";

1 5 )              7 4 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетуге" деген сөздер ", Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарларды ішкі кедендік транзит рәсіміне сәйкес темір жол көлігімен өткізу кезінде осы баптың 2-тармағының 1) және 4) тармақшаларының ережелері қ о л д а н ы л м а й д ы .

Тауарлар мен көлік құралдарын жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, осы

баптың 5-тармағына сәйкес өткізілетін тауарларды қоспағанда, тауарларды осы Кодекстің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар өткізген кезде қолданылмайды";

6-тармақ "тіркейді" деген сөзден кейін "және байланыс құралдары арқылы жөнелтуші кеден органына жіберіледі" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 76-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарлардың жеткізілуін бақылау құжатын - декларант не тасымалдаушы, экспедитор, ал аталған адамдар болмаған кезде кеден органының лауазымды адамы толтырады.";

17) 78-баптың 4-тармағындағы "көлік құралы кеден органына келген кезден бастап бір тәуліктен кешіктірілмей" деген сөздер "үшін алым төленген кезден бастап бір тәуліктен кешіктірілмей кедендік алып жүру" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 79-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тауарларды өткізетін тұлғаның дәлелді сауал салуы бойынша кеден органы ішкі кеден транзитінің белгіленген мерзімін ұзартады, ол осы баптың бірінші бөлігінде айқындалған шекті мерзімнен аспауға тиіс.";

19) 82-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауарларды бір көлік құралынан екіншісіне қайта тиеуге қызмет аймағында осы операция жүргізілетін кеден органына алдын ала жазбаша хабарлау арқылы жол беріледі. Тауарларды қайта тиеу кедендік пломбалар мен мөрлерді бұза отырып жүзеге асырылған жағдайда тауарлардың жеткізілуін бақылаудың жаңа құжаты ресімделеді.";

20) 86 - бапта :

1-тармақтағы "туралы тасымалдаушыға жазбаша растама берілген" деген сөздер "тіркелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақта :

бірінші бөліктегі "және тасымалдаушыға нысанын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін көлік құралының келгендігі туралы жазбаша растама береді" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарлар мен көлік құралдары тауарларды жеткізу ресімі аяқталғанға дейін межелі кеден органының қызмет аймағындағы уақытша сақтау орнында орналастырулуга тиіс.";

21) 88 - бапта :

1-тармақ "арнайы" деген сөздің алдынан ", уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптар сақталған жағдайда тауар өткізетін тұлғаның таңдауы бойынша," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Тауарларды алдын ала және мерзімдік декларациялау ресімі бойынша

тауарларды өткізген кезде, осы Кодекстің 371-бабында көзделген оңайлатылған кедендік ресімдеу тәртібін пайдалану кезінде және осы Кодексте белгіленген өзге де жағдайларда уақытша сақтау рәсімі қолданылмайды.";

22) 89-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мынадай шарттардың бірі:

халықаралық жол тасымалы рәсімін пайдалану;

бірдейлендіру құралдарының бүтіндігі сақталған кезде тауарлар тасымалданған және жеткізілген жағдайда уақытша сақтау орны ретінде көлік құралдары пайдаланылуы мүмкін.

Көлік құралдарындағы тауарлардың сақталуы, бірдейлендіру құралдарының бүтіндігі үшін жауапкершілік кедендік ресімдеу рәсімі аяқталғанға дейін және тауар алушыға берілгенге дейін тасымалдаушыға жүктеледі.";

23) 91 - бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кеден ісі саласындағы қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.";

5-тармақтағы "төлемдерді және салықтарды" деген сөздер "төлемдер және салықтар төленген не оларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 93-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уақытша сақтау орындарына, құбыр тасымалымен және электр бериу желілері бойынша өткізілетіндерден басқа кез келген тауарларды, сондай-ақ осы Кодекстің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар өткізген тауарларды орналастыруға болады.";

25) 102 - бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кедендік бақылаудың жүзеге асырылуына жәрдемдесуге және кедендік бақылау үшін қажетті жүк операцияларын тауарлар мен көлік құралдары уақытша сақтауға орналастырылған кезден бастап жұмыс күні ішінде аяқтауды қамтамасыз етуге";

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) оларға қатысты кедендік ресімдеу аяқталған тауарларды тауарлар шығарылғаннан кейінгі келесі жұмыс күні аяқталуынан кешіктірілмеген мерзімде әкетуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға";

26) 114-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тыскары жерлерге әкетілетін тауарларды көлік құралына тиеге, мынадай:

1) кедендік ресімдеу кезінде кеден органы тауарларды табыс етуді талап етпейтін;

2) тауарларды тиеге жүзеге асырылғаннан кейін ғана олар белгілі бір кедендік

режимге мәлімделуі мүмкін болатын;

3) тауарлар транзиттік кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жағдайларды қоспағанда, тауарларды белгілі бір кедендік режимде орналастырғаннан кейін жол беріледі.";

27) 115-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Межелі кеден органы тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тысқары жерлерге әкетілген фактісі туралы бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жөнелтуші кеден органын хабардар етіп, жеткізуді бақылау құжаттарын жөнелтуші кеден органына береді, бұл оны кедендік бақылаудан шығару үшін негіз болып табылады.

Жөнелтуші кеден органы жеткізуді бақылау құжаттарын алғаннан және кедендік бақылаудан шығарғаннан кейін бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сыртқы экономикалық қызметке қатысуышыға Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгілері қойылған жүк кеден декларациясының түпнұсқа данасын береді. Лауазымды адамның жеке нөмірін мөрімен куәландырылған аталған дананың көшірмесі кеден органының істерінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзім ішінде сақталады.";

28) 122-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "болуы тиіс." деген сөздер "булуы;" деген сөзben ауыстырылып, тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"4) кеден органдары тарапынан бірдейлендірілген болуы тиіс.;"

29) 123-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы "Кеден органы тауарлардың" деген сөздер "Тауарлардың" деген сөзben, "баждарды" деген сөз "баждар деген сөзben ауыстырылсын, "мынадай" деген сөздің алдынан "қайтарылған болса," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша алып тасталып, 4) тармақшадағы "қайтарады" деген сөз "қайтарылады" деген сөзben ауыстырылсын;

30) 134-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Кеден қоймасындағы тауарларды не олардың бір бөлігін осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жаңа кеден декларациясын беру шартымен иеліктен шығаруға, оларға қатысты иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқықтарын беруге жол беріледі.";

31) 137-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

32) 146-баптың 1-тармағында:

"дүкені" деген сөз "дүкенін қазақстандық тұлға" деген сөздермен, "құрылады" деген сөз "құрады" деген сөзben ауыстырылсын;

"оның иесі" деген сөздер алып тасталсын;

3 3 ) 1 5 6 - б а п т а :

3-тармақтағы "бір айдан" деген сөздер "он бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "күнтізбелік он күннен" деген сөздер "он жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 4 ) 1 7 0 - б а п т а :

3-тармақтағы "бір айдан" деген сөздер "он бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "күнтізбелік отыз күннен" деген сөздер "он бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 5 ) 1 7 6 - б а п т а :

3-тармақтағы "бір айдан" деген сөздер "он бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "күнтізбелік отыз күннен" деген сөздер "он бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 187-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қайта өндөлмеген тауарлардың қалдықтары мен қайта өндеу нәтижесінде пайда болған қоқыстары кері әкетілуге не экспорттың кедендік режиміне орналастыруға жатады.";

3 7 ) 1 9 2 - б а п т ы ң 1 - т а р м ағ ы н д а :

бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды әкелу" деген сөздер "тауарларды уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігінде:

"бір айдан" деген сөздер "он бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Тауарларды уақытша әкелу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарау мерзімі өтініш алынған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.";

38) 193-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жаңа кедендік декларация уақытша әкелінген тауарды пайдалану және (немесе) оған билік ету не иеліктен шығару құқықтары берілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей беріледі.";

3 9 ) 2 0 1 - б а п т ы ң екінші бөлігінде:

"бір айдан" деген сөздер "он бес жұмыс күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Тауарларды уақытша әкету мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарау мерзімі өтініш алынған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.";

4 0 ) 2 1 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 ) м ы н а д а й :

егер сыртқы сауда мәмілесінің шарттары кері экспортты көздеген; тауарлар сыртқы экономикалық мәміленің шарттарына сәйкес келмеуі себепті берушіге не ол көрсеткен өзге тұлғаға әкетілген жағдайларда, уақытша сақтау орындарындағы тауарлар белгілі бір кедендік режимге орналастырғанға дейін әкетілген ;";

" 4 ) е г е р :

сиртқы сауда мәмілесінің шарттары кері экспортты көздеген; тауарлар сыртқы экономикалық мәміленің шарттарына сәйкес келмеуі себепті берушіге не ол көрсеткен өзге тұлғаға қайтарылған жағдайларда, бұрын кеден қоймасының, еркін қойманың, еркін кеден аймағының кедендік режимдеріне орналастырылған шетелдік тауарлар әкетілген жағдайда жүзеге асырылады.";

2-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптар сақталған кезде тауарлардың кері экспортының кедендік режиміне тауарларды орналастыруға, егер әкелінген тауарлардың бір бөлігі ғана кері әкетілген жағдайда да, жол беріледі.";

41) 211-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әкелінген тауарлар легінің бір бөлігін тауарлардың кері экспортының кедендік режиміне орналастыру кезінде төленген сомалардың қайтарылуы осы бөліктің әкелінген тауарлар легіне сандық арақатынасы бойынша жүргізіледі.";

42) 212-баптың 2) тармақшасындағы ", тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды және экспорттық бақылау саласындағы шараларды қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

43) 213-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасына әкелінуге және Қазақстан Республикасынан әкетілуге" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 223-баптың 3-тармағындағы екінші сөйлем алып тасталсын;

45) 225-баптағы "баждарды" деген сөз "төлемдерді" деген сөзben ауыстырылсын;

46) 228-бап алып тасталсын;

47) 252-бап "тауарлардың" деген сөздің алдынан "экспорттық бақылау саласындағы талаптарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

48) 264-баптың 3-тармағы "орай," деген сөзден кейін "келген елінен" деген сөздермен толықтырылсын;

49) 275-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 ) халықаралық почта жөнелтімдерін:

тауардың декларацияланатын легінің кедендік құны тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген тоқсан айлық есептік көрсеткіштен

а с а т ы н ;

аталған тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шаралары белгіленген жағдайларда занды тұлғалар жіберсе;";

50) 279-баптағы, 280-баптың 1-тармағындағы, 281-баптағы, "олардың кедендей ресімделуі үшін белгіленген орындардан тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс", "кедендей ресімделгені үшін алынатын кеден алымдарын қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын, 285-баптың 1-тармағындағы "бұл үшін белгіленген орындардан тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кедендей ресімдегені үшін" деген сөздер алып тасталып, "кезіндегі кеден алымдарын қоспағанда," деген сөздер "кезінде" деген сөзben ауыстырылсын;

51) 283-баптың 1-тармағы "мүшелеріне" деген сөзден кейін "шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің, соңдай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

52) 290-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасының кеден" деген сөздер "Кеден" деген сөзben ауыстырылсын;

### 5 3 )            3 0 9 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Іс жүзінде төленген немесе төленуге тиіс мәміле бағасына осы тармақтың бірінші бөлігінде аталмаған шығыстар енгізілмейді.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Әрқайсысында басқасының айрықша құқықтары бар агенттер, дилерлер, дистрибутерлер болып табылатын сыртқы экономикалық қызметтің қатысуышылары, егер олар осы баптың 5-тармағының 5) тармақшасында айқындалған белгілердің біріне сай келсе, өзара тәуелді болып есептеледі.";

### 5 4 )            3 1 1 - б а п т а :

4-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2, 4-3, 4-4, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Егер тауарлар осы баптың талаптарына сәйкес келсе, сыртқы түріндегі болмашы өзгешеліктер мұндай тауарларды біртектес деп қараудан бас тарту үшін негіз б о л м а й д ы .

### 4 - 2 .        Е г е р        б ұ л        т а у а р л а р :

1) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін сатылса;

2) бағаланатын тауарлармен бір уақытта әкелінсе немесе бағаланатын тауарлар әкелінгенге дейін күнтізбелік тоқсан күннен ерте әкелінбесе;

3) шамамен сол мөлшерде және сол коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелінсе, біртектес тауарлармен жасалатын мәміленің бағасы кедендей құнды айқындау үшін негіз ретінде алынады.

4-3. Егер тауарларды сол мөлшерде және сол коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелу жағдайлары болмаса, өзге мөлшерде және өзге коммерциялық деңгейде (көтерме, бөлшек саудада) әкелінген біртектес тауарлардың құны осы

айырмашылықтары есепке алынып, бағасы түзетіле отырып пайдаланылуы мүмкін.

4-4. Егер, біртекtes тауарлар үшін осы Кодекстің 309-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шығыстардың құны, арақашықтық пен көлік түрлерінің айырмашылығына байланысты, бағаланатын тауарлардың осындай шығыстарының құнынан айтарлықтай ерекшеленетін болса, біртекtes тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша айқындалатын кедендік құн тиісті түрде түзетілуге тиіс.";

"6. Осы баптың 4-3 және 4-4-баптарында көзделген түзетулер дұрыс және құжаттармен расталған мәліметтер негізінде жүргізілуге тиіс.

7. Егер осы әдісті қолданған кезде біртекtes тауарлар бойынша мәміленің біреуден көп бағасы анықталса, онда әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін олардың ең төменгісі қолданылады.";

55) 312-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Кеден органы шетелдік тұлғадан кедендік құнды растау туралы ақпаратты талап етуге құқылы емес. Бұл ретте кеден органдары тауар өндірушінің кедендік құнды анықтау мақсатында берген ақпаратын өндірушінің келісімімен және өндіруші елдің үкіметіне алдын ала хабарлап, оның келісімін алған жағдайда тексерे алады.";

56) 314-баптың 1-тармағындағы екінші сөйлем алып тасталсын;

57) 316-баптың 2-тармағының 11) тармақшасындағы "ете алады" деген сөздер "етуге құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 317-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы "әкелінетін" деген сөзден кейін "(әкетілетін)" деген сөзben толықтырылсын;

### 5 9 )            3 1 8 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасының бесінші абзацындағы ", кедендік декларацияны тіркеген құні орын алған" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "2 еселенген" деген сөздер "2,5 еселенген" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Кеден органдары кедендік құнды түзетуді тіркеудің мерзімі мен тәртібін осы Кодекстің 384-бабына сәйкес айқындейды. Кеден органдары осы Кодекстің 440-бабында белгіленген мерзімде кедендік құнды түзетуге тексеру жүргізеді.";

60) 320-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында:

"табыс еткен мәліметтер" деген сөзден кейін "мен осы Кодекстің 316-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген құжаттар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте кеден органы қабылданған шешім туралы екі жұмыс қунінен аспайтын мерзімде декларантқа жазбаша хабарлауға міндетті.";

61) 321-баптың 5-тармағындағы ", мемлекеттік" деген сөз, 343-баптың 3-тармағындағы, 354-баптың 2-тармағындағы, 355-баптың 4-тармағындағы, "мемлекеттік" деген сөз алып тасталып, 326-баптың 3-тармағындағы және 421-баптың 1-

тармағының бірінші бөлігіндегі "мемлекеттік бюджетке" деген сөздер "бюджетке" деген сөзben ауыстырылсын;

62) 323-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алдын ала немесе мерзімдік декларациялау рәсімі қолданылған, сондай-ақ кедендейтін баждарды төлеу мерзімі өзгертулған кездеңі жағдайларды қоспағанда, кедендейтін баждар кедендейтік декларацияны тіркегенге дейін немесе ол тіркелген күні төленеді.";

63) 327-баптың мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден органдарының кедендік төлемдердің қайта қаралған сомаларын төлеу не кедендік төлемдердің төленбegen сомаларын өндіріп алу туралы талаптары бойынша, сондай-ақ төлеушілердің артық төленгөн кедендік төлемдердің және салықтардың сомасын қайтарып алу немесе есепке алу туралы талаптары бойынша талап қою мерзімі бес жыл болып белгіленеді.";

64) 338-баптың 1-тармағында:

2) тармақша "бойынша" деген сөзден кейін "тауарлар мен" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшадағы "кезінде қолданылады" деген сөздер "кезінде;" деген сөзбен ауыстырылып, тармақ мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен тоғызылсын:

"10) осы Кодекстің 388-бабына сәйкес тауарларды мерзімдік декларациялау кезінде;

11) осы Кодекстің 392, 393-баптарына сәйкес тауарларды шығару кезінде қолданылады.";

65) 44-тараудың тақырыбы "қайтару" деген сөзден кейін "мен есепке алу" деген сөздермен толықтырылсын;

66) 346-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"346-бап. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасын қайтару мен есепке алу

1. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес кедендік төлемдердің және салықтардың бюджетке нақты төленген сомасы мен төленуге тиіс сомасы арасындағы айырма кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасы д е п т а н ы л а д ы .

2. Төлеуші кедендік төлемдерді және салықтарды қайтарып алу немесе есепке алғызу мақсатында артық төленген сомасын төлеген күннен бастап бес жылдан кешіктірілмейтін мерзімде, кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомалары бар екені жөнінде растама беру туралы өтінішпен тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді, сақтауды, кедендік алып жүруді, лицензия беруді, алдын ала шешім қабылдауды іске асырған кеден органына өтінішпен жүргінуге құқылы

3. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасы бар екені

жөнінде растама беру туралы өтінішпен бір мезгілде:

- 1) соманың төленгенін растайтын төлем құжатының;
- 2) кедендік декларация ресімделген жағдайда берілетін, ол бойынша кедендік төлемдер және салықтар есептелген және енгізілген, кеден органы ресімдеген кедендік декларацияны;

3) кедендік төлемдерді төлеу кедендік декларация ресімделмей жүргізілген жағдайларда берілетін, жүзеге асырылу үшін кедендік төлемдер енгізілген тауарларды сақтау, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алғып жүру, лицензиялар беру, алдын ала шешім қабылдау кезінде кеден органдары ресімдеген басқа да құжаттардың көшірмелері

берілуге тиіс.

4. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасы бар екені жөнінде растама беру туралы өтінішті қарau мерзімі төлеуші өтініш берген күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Салық органдары, осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомасын Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеушінің өтініші бойынша қайтаруға немесе есепке алуға тиіс.

6. Кеден органы кедендік төлемдерді және салықтарды өндіріп алғаннан кейін артық төлеу фактісін анықтаған кезде, мұндай фактіні анықтаған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей салық төлеушіге артық төленген кедендік төлемдердің және салықтардың сомасы туралы хабарлауға міндетті.

7. Кеден органдары төлеушінің өтініш бойынша кедендік төлемнің немесе салықтың артық төленген сомасы бар түрі бойынша алдағы кедендік төлемдер және салықтар төлеу есебіне есепке алушы жүргізеді.";

67) 348-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Кодекстің 351-бабында көзделген тәртіппен кедендік төлемнің немесе салықтың берешек бар түрі бойынша артық төленген кедендік төлемдер және салықтар сомасы есебінен немесе қайтаруға жататын депозит есебінен берешекті өндіріп алу;";

6 8 ) 3 4 9 - б а п т а :

2-тармақтағы "2 еселенген" деген сөздер "2,5 еселенген" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2 және 2-3-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Банкрот деп танылған не өзіне қатысты мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған, не оналту рәсімін қолдану туралы үйғарым қабылданған төлеушінің сот шешім қабылдаған кезден бастап пайда болған берешектің сомасына мұндай шешім немесе үйғарым күшіне енген күннен бастап өсімпүл есептелмейді.

2-2. Егер берешектің пайда болуының жалғыз себебі қызмет көрсететін банктің таратылуы болып табылған жағдайда, банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешім күшіне енген кезден бастап мәжбүрлеп таратылатын банктердің кредиторларына берешектерін

уақтылы өтемегені үшін өсімпұл есептелмейді.

2-3. Жеке тұлғаны хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы соттың шешімі күшіне енген кезден бастап ол жойылғанға дейін берешектің сомасына өсімпұл есептелмейді.";

6 9 ) 3 5 1 - б а п т а :

тақырыптағы "Артық" деген сөз "Кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша артық" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "артық төленген сома" деген сөздер "кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша артық төленген кедендік төлемдер және салықтар сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 -тармак мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кедендік төлемдердің және салықтардың артық төленген сомаларын кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша берешекті өтеу есебіне не депозит есебіне жатқызу кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.";

7 0 ) 3 5 2 - б а п т ы н 1 - т а р м а ғ ы н д а :

"Артық төленген сома не депозит берешек пен" деген сөздер "Кедендік төлемнің және салықтың артық төленген сомалары не депозит кедендік төлемнің немесе салықтың нақ сол түрі бойынша берешекті және" деген сөздермен ауыстырылсын;

71) 363-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

72) 373-баптың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының" деген сөздер алып тасталсын;

73) 375-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сарапшылар тартуга;"

7 4 ) 3 7 9 - б а п т ы н 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктің 2) тармақшасы "тауарларға" деген сөздің алдынан "тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "уақытша" деген сөзден кейін ", толық емес" деген сөздермен толықтырылсын;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"уақытша" деген сөзден кейін ", толық емес" деген сөздермен толықтырылсын;

"387 және 388-баптарында" деген сөздер "387-388-1-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл орайда кедендік баждар мен салықтар төленген жағдайда кеден органының лауазымды адамы кедендік кіріс ордерін ресімдеуді жүргізеді.";

7 5 ) 3 8 0 - б а п т а :

3-тармақтағы "төлемдердің және салықтардың" деген сөздер "төлемдер және салықтар төленген не" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының кедендейк аумағына кеден ережелерін бұза отырып әкелінген тауарларға жүктің кедендейк декларациясы:

1) соттың тұлғаны қылмыстық (әкімшілік) жауаптылықта тарту туралы не қылмыстық (әкімшілік) жауаптылықтан босату туралы;

2) уәкілетті органның (лауазымды адамның) тұлғаны әкімшілік жауаптылықта тарту туралы не әкімшілік жауаптылықтан босату туралы;

3) соттың немесе уәкілетті органның (лауазымды адамның) кеден ережелерінің бұзылу фактісі бойынша істі тоқтату туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде беріледі.";

7 6 )            3 8 2 - б а п т а :

5-тармақтың 6) тармақшасының екінші абзацы "түбіртек" деген сөзден кейін ". Алдын ала декларациялау рәсімі қолданылған жағдайда аталған құжаттар тауарлар мен көлік құралдары шығарылғанға дейін беріледі, ал осы Кодекстің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қатысты мерзімдік декларациялау рәсімі қолданылған жағдайда жүктің толық кедендейк декларациясы бойынша тауарлар мен көлік құралдары шығарылғанға дейін беріледі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 371-бабында көзделген кедендейк ресімдеуінің оңайлатылған тәртібін қолданған кезде кедендейк мақсаттар үшін қажетті құжаттардың тізбесін қысқартуға құқылы.";

7 7 )            3 8 3 - б а п т а :

1) тармақшаның екінші абзацы, 3) тармақшаның үшінші абзацы, 12) тармақша, 13) тармақшаның төртінші абзацы, 16) тармақша "сертификаты" деген сөзден кейін "немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін нысанадағы өтініш-декларация;" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшаның үшінші абзацы алып тасталсын;

6) тармақша алып тасталсын;

10) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көрмелер өткізуге арналған, кейіннен сатылмайтын тауарларды (экспонаттарды) қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сертификат беру міндетті тауарларға өнімінің қауіпсіздігіне сәйкестілік сертификаты немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін нысандағы өтініш-декларация;";

78) 384-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы "қатысты" деген сөзден кейін "алдын ала декларациялау рәсімі қолданылған," деген сөздермен толықтырылсын;

79) 385-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші сөйлеммен

толықтырылсын :

"Бұл ретте кері қайтарып алынған жүктің кедендік декларациясы кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жойылуға тиіс.";

80) 386-баптың 1-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кедендік баждар мен салықтар тауарлар мен көлік құралдары шығарылғанға дейін төленеді.";

8 1 )            3 8 7 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уақытша кедендік декларация берілген кезде нақты сатып алушы айқындалмаған жағдайда, кеден органының рұқсатымен бір сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) шенберінде тауарлар беруге бір уақытша кедендік декларация беріліп, кейіннен нақты сатып алушылардың саны бойынша бірнеше толық кедендік жүк декларациясы мен сатып алу-сату шарты (келісім-шарты) беріледі.";

6-тармақ        мынадай        редакцияда        жазылсын:

"6. Декларант жүктің уақытша кедендік декларациясында мәлімделген тауарлар легі жеткізілгеннен кейінгі күннен бастап құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, бірақ уақытша кедендік декларация тіркелген күннен бастап құнтізбелік тоқсан күннен асырмай жүктің толық кедендік декларациясын беруге міндетті.

Тауарларды бағаны айқындау талаптары бар шарт бойынша өткізу кезінде, меншік құқығын Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тыс жерлерге беру кезінде көрсетілген мерзім баға мен мөлшерді айқындау үшін пайдаланылатын коносамент, қабылданап алу-тапсыру актісі ресімделген күннен бастап есептеледі. Егер декларацияланатын тауарлар легіне бірнеше көліктік құжат жасалса, көрсетілген мерзім соңғы көліктік құжат ресімделген күннен бастап есептеледі.";

8 2 )            3 8 8 - б а п т а :

"белгілі бір уақыт кезеңі" деген сөздер "құнтізбелік отыз күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ        мынадай        редакцияда        жазылсын:

"5. Кедендік баждар және салықтар, акцизделетін тауарларды қоспағанда, жүктің толық кедендік декларациясы тіркелгенге дейін немесе тіркелген күні төленеді.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Кедендік баждар және акцизделетін тауарлар бойынша салықтар мерзімдік кедендік декларация тіркелгенге дейін немесе тіркелген күні төленеді.";

7-тармақ        мынадай        редакцияда        жазылсын:

"7. Мерзімдік декларациялау кедендік баждарды және салықтарды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда жеткізу мерзімі басталғанға дейін мерзімдік кедендік декларацияны беру арқылы жүргізіледі. Кедендік баждар мен салықтарды төлеуді қамтамасыз ету осы Кодекстің 470-бабына сәйкес ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қ о л д а н ы л м а й д ы .

Бұл ретте мерзімдік кедендейтін декларация тауарлардың бірыңғай легіне толтырылады.";

9 - т а р м а к т а :

"әкелінген" деген сөздерден кейін "(әкетілген)" деген сөздермен толықтырылсын; 83) мынадай мазмұндағы 388-1-баппен толықтырылсын:

## "388-1-бап. Толық емес кедендік декларация

1. Егер декларант кедендік декларацияны толтыруға қажетті бүкіл ақпаратқа өзіне байланысты емес себептер бойынша ие болмаса, онда тауарды шығаруға, кедендік төлемдерді есептеу мен төлеуге қажетті, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тарифтік емес реттеу шараларының сақталғанын растьайтын, сондай-ақ тауарларды сандық және сапалық сипаттамаларының жиынтығы бойынша бірдейлендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер болған жағдайда толық емес кедендік декларацияны б е р у г е р ү к с а т е т і л е д і .

Декларант толық емес кедендейк декларацияны берген кезде ондағы жетіспейтін мәліметтерді кеден органы толық емес кедендейк декларацияны тіркеғен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда табыс етуге міндеттеме а л а д ы .

2. Егер кеден органы толық емес кедендік декларацияны қабылдаса, осы Кодексте көзделген кедендік төлемдерді және салықтарды есептеу мен төлеу тәртібін қоса алғанда, толық және тиісті түрде толтырылған кедендік декларация басынан бастап берілген жағдайдағыдай шарттар мен талаптар қолданылады.

3. Толық емес кедендік декларацияны толтыру тәртібі мен оны пайдалану жағдайларын кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.";

8 4 ) 3 8 9 - б а п т а :

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "тұлғаларға берілмейді." деген сөздер "тұлғаларға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) оларға қатысты банкроттық туралы іс қозғалған не сottan тыс тарату рәсімін жүргізу туралы шешім қабылданған тұлғаларға берілмейді.";

6-тармақтың 2) тармақшасындағы "жағдайларда қайтарып алынуы немесе оның қолданылуы тоқтатыла түруы мүмкін." деген сөздер "жағдайларда" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) банкроттың туралы іс қозғалғаннан не соттан тыс тарату рәсімін жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін қайтарып алынуы немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұруы мүмкін.";

85) 390-баптың 2) тармақшасы "сертификаттар," деген сөзден кейін "өтініш-декларациялар," деген сөздермен толықтырылсын;

86) 400-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) штатта кемінде бір кедендік ресімдеу жөніндегі маманның болуына, ал филиал

болжан ретте - кеден брокері қызметінің әрбір филиалында кемінде бір кедендік ресімдеу жөніндегі маманның болуына;";

87) 401-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "құжаттар" деген сөзден кейін "ұсыну қажет." деген сөздермен толықтырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

8 8 ) 4 1 3 - б а п т а :

3-тармақтың 3) тармақшасындағы "кеден органдарына контрафактылы тауарларды анықтауға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер" деген сөздер "құқық иеленушінің пікірінше контрафактылы болып табылатын тауарлар туралы, кеден органдарына осындай тауарларды анықтауға мүмкіндік беретін толық мәліметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Отініш берумен бір мезгілде контрафактылы тауардың ерекше белгілерінің сипаттамасы табыс етіледі.

Мүмкіндігінше интеллектуалдық меншік объектісі бар тауардың және контрафактылы тауардың үлгілері де табыс етіледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өтініш түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде оны қарайды және тауарды тізілімге енгізу

Өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мақсатында кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган үшінші тұлғалардан, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардан мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды сұрап алуға құқылы. Аталған тұлғалар сауалды алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сұратылған құжаттарды табыс етуге міндетті.

Жеткілікті негіздер болған жағдайда кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган өтінішті қарау мерзімін ұзартуға, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның тауарды тізілімге енгізу туралы шешімі кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен реcимделеді.

Тауарларды тізілімге енгізуден бас тарту туралы шешім өтініш беруші дұрыс емес мәліметтер берген жағдайда, сондай-ақ тауарлардың контрафактылық белгілерін растау мүмкін болмаған кезде қабылданады.

Өтініш берушіге кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның шешімі туралы жазбаша нысанда хабардар етіледі.";

89) 416-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Интеллектуалдық меншікке құқықтардың бұзылғандығы туралы талап қою бойынша істі қозғау туралы айғақтар ұсынылған кезде тауарларды шығаруды токтат

түрудың осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімі, сондай-ақ тауарларды уақытша сақтау мерзімі талап қою бойынша шешім занды күшіне енгізілгенге дейін ұзартылады.

90) 420-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер жеке тұлғалар өткізетін немесе халықаралық пошта жөнелтімдерімен жіберілетін тауарлар өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналmasa;";

91) 440-баптың 2-тармағы "уақытша" деген сөзден кейін ", толық емес" деген сөздермен толықтырылсын;

92) 448-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "немесе оны алмастыруыш адамның" деген сөздер ", оны алмастыруыш адамның не Қазақстан Республикасының кедендейтін шекарасындағы бақылау-өткізу пункті уәкілетті лауазымды адамының" деген сөздермен ауыстырылсын;

93) 453-баптың 3-тармағындағы "бірдейлендіру белгілері" деген сөздер "бірдейлендіру құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 4 ) 4 5 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысуышыларды тексеру - сақталуын бақылау кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кеден және өзге де зандарының орындалуын кеден органдары жүзеге асыратын тексеру. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысуышыларды тексеру осы баптың 3-тармағында көзделген негіздемелер бойынша түрлерге бөлінеді және жүргізіледі. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысуышыларға тексеру жүргізу тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындейды.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметті тексеру мұнадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы тексеру - кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке нақты қатысушыны алдын ала жоспарланған тексеру. Жоспарлы тексеру:

сыртқы экономикалық қызметке қатысушыны осы Кодекстің 470-бабына сәйкес ең төменгі денгейдегі тәуекел санатына жатқызу мәртебесін беру және бекіту;

шартты түрде шығарылған тауарларды пайдалану және оларға билік ету жөніндегі шектеулер мен шарттарды сақтау;

кеден режимдерінде шарттары мен талаптарын сақтау;

Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын сақтау;

кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген лицензиялардың талаптарын сақтау;

мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының ресми өтініштері; тәуекелден сақтандыруға арналған алдын алу шараларын қолдану негізdemелері

б о й н ш а

тағайындалады;

2) жоспардан тыс тексеру - мынадай:

мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары берген Қазақстан Республикасының кеден зандары талаптарының бұзылуын куәландыратын, сондай-ақ кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның және мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының деректер базалары мен банктеріндегі ақпараттарды талдау нәтижелері бойынша мәліметтер

алу;

шет мемлекеттердің салық, кеден және құқық қорғау органдарымен ақпарат алмасу нәтижесінде алынған мәліметтерді тексеру;

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу зандарында көзделген жағдайлар негіздемелері бойынша тағайындалатын тексеру;

3) рейдтік тексеру - Қазақстан Республикасының құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдары кеден органдарымен бірлесіп жүзеге асыратын тексеру;

4) үстеме тексеру - кеден органдары тексеру жүргізген кезде тексерілетін субъект берген мәліметтерінің дұрыстығын растау мақсатында үшінші тұлғаларға байланысты қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда, үшінші тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру;

5) құжаттық тексеру - ұйғарым ресімдеуді талап етпейтін және тауарлар мен көлік қуралдарын кедендік ресімдеу кезінде сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылар берген жүктің кедендік декларацияларындағы, тауарға ілеспе және өзге де құжаттардағы мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде тікелей кеден органдары жүзеге асыратын тексеру. Құжаттық тексеру тікелей кеден органы орналасқан жер бойынша жүргізіледі.";

95) мынадай мазмұндағы 459-1-баппен толықтырылсын:

"459-1-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысуышыларға тексеру жүргізуді мынадай кезеңділігі

1. Кеден органдары кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысуышыларға тексеру жүргізуді мынадай кезеңділікпен:

1) жоспарлы тексеруді - кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтің нақты қатысуышына қатысты жылына бір реттен жиі емес;

2) рейдтік тексеруді - Қазақстан Республикасының құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдары белгілеген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырады.

2. Шектеу мына жағдайларда көзделмейді:

1) жоспардан тыс тексерулар жүргізу кезінде - аталған тексерулар Қазақстан Республикасының кеден зандары талаптарының бұзылғандығын куәландыратын, мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары берген мәліметтер алынған кезде, сондай-ақ кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның және мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының деректер базалары мен банктеріндегі ақпаратты талдау

нәтижелері бойынша; шет мемлекеттердің салық, кеден және құқық қорғау органдарымен ақпарат алмасу нәтижесінде алынған мәліметтерді тексеру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда

тағайындалады;

2) үстеме тексерулер жүргізу кезінде - аталған тексерулер тексерілетін субъект пен үшінші тұлғаның өзара байланысының жекелеген мәселелерін қозгайды;

3) құжаттық тексерулер жүргізу кезінде - кеден органдары аталған тексерулерді кеден органының қарауында жатқан, кедендік ресімдеу мақсаттары үшін берілген кедендік декларациялар мен құжаттарды қайталап тексеру арқылы жүзеге асырады.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын, кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтің қатысушыларын тексерудің кезеңділігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.";

96) 464-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Алып қою кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға алып қойылатын құжаттардың көшірмелерін түсіріп алу мүмкіндігі берілгеннен кейін жүргізіледі.";

97) 465-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тексеру актісінің бір данасы кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға қол қою арқылы немесе тексеру актісін алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен беріледі.";

98) 471-баптың 3-тармағы "Банкінің Төрағасы," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы," деген сөздермен толықтырылсын;

99) 489-баптың 2-тармағындағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

100) 511-баптың 6-тармағындағы "жүрген" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы" деген сөздер алып тасталсын;

101) 520-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасы кеден" деген сөздер "Кеден" деген сөзben ауыстырылсын;

1 0 2 )            5 2 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

3 -тармақ        мынадай        редакцияда        жазылсын:

"3. Еңбек сінірген жылдарына қарай лауазымдық айлықақыға коэффициент белгілеу құқығын беретін қызмет стажына мемлекеттік қызмет туралы заңдарға сәйкес қызмет (жұмыс) істеген уақыт есептеледі.";

1 0 3 )            5 2 6 - б а п т а :

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "респубикалық бюджет" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацындағы "республикалық бюджет" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырып тәртіппен бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Зан ре<sup>с</sup>ми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК